

Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицей

Тәроие сағаты

Тақырыбы: Ықтимал қауіптерден өзінді қалай қорғау керек?

Сыныбы: 1 «Ж»

Сынып жетекшісі: Ақышева Н.М

2024-2025 оқу жылы

Қауіпсіздік ережесін сақтайық!

Мақсаты: Балаларға жол және көше тәртібі жөнінде білім беру.

Қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жүргізуші еңбегін бағалауға

тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

Көрнекілік: суреттер, ойыншықтар.

Сабақтың кезеңдері: 1. Кіріспе.

2. Көліктер.

3. Жүргізуші еңбегі.

4. Қауіпсіздік кеңестері.

Сабақтың барысы: Біз үйде, көшеде, мектепте, ойын ойнағанда үнемі қауіпсіздікті сақтауымыз керек. Жүргізушіге қауіпсіздікті сақтап, болысуымыз керек.

* **Жұмбақ шешу.** Әкемнің тор тайы,

Май жалап, су ішсе,

Тоқтамай тартады. (Машина)

Машина-көліктің түрі. Көліктер жолаушылар мен жүк тасиды. Көліктер аспанда ұшатын, суда жүзетін, жерде жүретін болып бөлінеді. Қалада трамвай, троллейбус, поезд, ұшақ, тікұшақ бар. Ауылда жылқы мен түйе де көлік ретінде қолданылады. Қалада көліктердің көше тәртібін сақтауларына бағдаршам көмек береді. Көліктердің кейбір түрлері шұғыл оқиғаға байланысты өте тез жүреді. Басқа көліктер оларды тез өткізіп жіберулері керек.

1. Жедел жәрдем машиналары ауру адамдарды ауруханаға тез жеткізеді.

2. Өрт сөндіру машиналары өртті тез сөндіруге асығады.

3. Милиция машиналары тәртіпті сақтауға асығады.

* Жүргізушілер жұмысқа ерте шығады, көліктерді жөндейді, жанармай құяды, машиналардың жылдамдығын

бақылайды. Олар сендердің қауіпсіздіктеріңе жауап береді. Олардың еңбектерін бағалауымыз керек.

Бірде қырға барады,

Бірде мектепке барады.

Жүргізуші дамыл таппай,

Қашан демін алады?

Түн демейді түнді де,

Күн демейді күнді де.

Шаршадым деп айтпайды,

Жүргізуші білдің бе?

Шалғын өссе сайларда,

Суытса да әр кезде.

Машинамен біздерді,

Апарады

мектепке.

(Ж.Қыдыров)

Апам шықса сапарға,

-Жолың болсын!-дейді атам.
барын,

Атам шықса сапарға,
айтамын,

-Жолың болсын!-дейді апам.
кім.

Осы сөзді байқадым,

Қуат барын, күш

-Жолың болсын!-

Алыс жолға шықса

(Н.Айтов)

Дидактикалық ойын. «Жақсы-жаман»

*Машинаның алдынан жүгірме.

*Үлкендердің айтқанын тыңдама.

*Автобустың терезесін ашпа.

*Жолдың ортасында ойна.

*Автобустың ішінде қатты айқайлап,жүргізушіге кедергі жасама.

Үлкен болдым десем де,

Ешкім маған сенбейді.
сақтаймыз.

«Жалғыз жүрме көшеде,

Кішкентайсың сен»- дейді.
сақтаймыз!

Үлкенбіз ғой,міне, біз,

Жол ережесін

Автобусқа отырып,

Тыныштықты

Көрініс «Автобуста». (Автобусқа кірген атаға балалардың амандасып, орын берулері).

Қауіпсіздік кеңестері

Бөтен адамдардың көлігіне отырма.

Жол үстінде ойнама.

Автобустың алдынан жүгірме.

Автобустың ішінде қатты сөйлеп,жүргізушіге кедергі жасама.

Автобустан түсерде байқап түс, үлкендердің көмегіне жүгін.

Көшеге шығарда жан-жағыңа қарап, жолдың шетімен жүр.

Үйде сіріңкеге,газға, тоққа жолама.

Пышақ, ине, қайшыны ұстағанда абай бол.

Қорытынды:

Бұзба көше тәртібін,

Ұрынасың апатқа.

Қызықты өтсін әр күнің,

Жақын болма шатаққа!



Анықтама

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 1 «Ж» сыныбында ұйымдастырылған "Ықтимал қауіптерден өзінді қалай қорғау керек?" тақырыбында тәрбие сағаты 1-сыныпта өткізілді.

Мақсаты 1) Балаларға жол және көше тәртібі жөнінде білім беру.

Қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жүргізуші еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Сабақтың кезеңдері: 1.Кіріспе.

2.Көліктер.

3.Жүргізуші еңбегі.

4.Қауіпсіздік кеңестері.

Сайысқа барлық оқушы қатысты. Тәрбие сағаты барысында оқушылар өз ойларын айтты.

Сабақтың барысында оқушылар көшеде, мектепте, ойын ойнағанда үнемі қауіпсіздікті сақтауымыз керек. Жүргізушіге қауіпсіздікті сақтап,болысуымыз керек.

Қорытынды: Бұзба көше тәртібін,
Ұрынасың апатқа.
Қызықты өтсін әр күнің,
Жақын болма шатаққа!

Сынып жетекші: Ақышева Н.М.